

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 41 (9359) || 1954 жылғы 23 февраль Сейсенбі || Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

23 февраль 1954 жыл №17 Москва қаласы

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!
Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!
Бүгін Совет жауынгерлері еліміздің барлық халықтарымен бірге Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығын мерекелейді.

Қарулы Күштер даңқты мереке үшін елімізде экономика мен мәдениетті өркендетудегі жаңа табыстарға, халықтың тұрмысын жақсарту жөнінде Коммунистік партияның жасап отырған қамқорлығына және мемлекет билігінің жоғарғы органы—ССРО Жоғарғы Советінің аздағы сайлауына байланысты туған еңбектегі және саяси зор өрлеу жағдайында қарсы алып отыр.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі тәрбиелеген, өздерінің әскери борышына адал Армия мен Флоттың жауынгерлері өздерінің жауынгерлік шеберліктерін табандылықпен жетілдіруде және Отанымыздың хауіпсіздігін сенімді түрде қамтамасыз етуде.

Совет Қарулы Күштерінің 36 жылдық мерекесіне байланысты Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының адамдар құрамын құттықтаймын.

Әскерлердің жауынгерлік шеберлігін жетілдіруде, жаңа, мейлінше жетілген техника мен қару-жарақты меңгеруде, қырағылдық пен жауынгерлік әзірлікті арттыруда бұдан былай да табыстарға жете беруін тілеймін.

Мерекенің құрметіне бұйырамын:

Бүгін 23 февральда, Отанымыздың астанасы—Москвада, Одақтас республикалардың астаналарында, сол сияқты, Калининградта, Львовта, Хабаровскіде, Владивостокта және қаһарман қалалар Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада—жыйырма дүркін артиллерия атылып, салют беріледі.

Біздің ұлы социалистік Отанымыз жасасын!

Қуатты совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Елді коммунизмнің жеңісіне қарай батыл және сеніммен алға бастаушы Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

**ССР Одағының Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.**

Бейбітшілік пен хауіпсіздік күзетінде

Бүгін совет елі, оның Қарулы Күштері даңқты Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығын аса зор қуанышпен мерекелейді.

Коммунистік партия, оның көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталин тәрбиелеп өсірген Совет Армиясы, Соғыс-Теңіз Флоты күрес пен жеңістің даңқты жолдарынан өтті. Оның бүкіл тарихы сүйікті Отанына, совет халқына адал қызмет етудің, жауынгерлік борыштарын аброймен оры-

сына қарсы күреске, Отан соғысына ұйымдастыра білді. Совет халқы, оның Қарулы Күші бұрын-соңды болып көрмеген ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсете білді. Тылда жұмысшылар мен шаруалар, совет интеллигенциясы «Барлығы майдан үшін!» деген ұран мен жұмыс істесе, совет жауынгерлері майданда Отанымыздың хасиетті жерін кеудесін төсеп қорғады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі

1954 жылғы 18 февральдағы мәжілістің күнделігі

Съездің 18 февральдағы мәжілісінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің өспеті баяндамасы және тексеру комиссиясының өспеті баяндамасы бойынша жарыссөз оған әрі жүргізілді.

Талдықорған облыстық партия комитетінің секретары Ш. Қ. Қарсыбаев жолдаққа сөз берді. Облыс партия ұйымының жұмысын сыпаттай келіп, шешен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына басшылық жасау жөнінде облыстық және аудандық партия комитеттерінің жұмысында елеулі кемшіліктер мен қателіктер жіберілгенін атап көрсетті. 1953 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары өнімді малдың барлық түрлері бойынша толық орындалмады. Облыстың колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындамады. 1953 жылы колхоздар мен совхоздар 1950 жылғы қарағанда өнімді кем алды.

Облыстық және аудандық партия комитеттері СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын орындауға бағытталған партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың жақсаруына жетісе алмады. Партиялық жұмыс негізінен әлі де болса МТС-ке көшірілген жок, МТС-тердің көптеген басшылары колхоздардағы істің жайы үшін жауапкершілікті сезбейді, колхоздардың алдында өздерінің шартты міндеттемелерін нашар орындайды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарының жұмысын нашар бағыттап, олардың алдында тұрған міндеттерді оперативті және терең шешпеді. Тіпті СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейін де Қазақстанның КП Орталық Комитетінің бюросы колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің партия ұйымдарының жұмысына жете көңіл бөлмеді. Партиялық ішкі жұмысты жақсарту ісінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Новиков жолдастан көп жұмыстар істелуін күтуге болатын еді. Бірақ, оның жұмысында инициатива байқалған жок.

Мінбел: —Қазақ ССР Министрлер Со-

Бүгін совет халқы, оның Қарулы Күштері Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығын мерекелейді.

Біздің Советтік Социалистік Ұлы Отанымыз және оның Қарулы Күштері жасасын!

дәнді және отамалы дақылдарды жұмыстаудың прогрестік жаңа әдістерін енгізу болып табылады. Бірқатар колхоздардың жылдан-жылға өздерін тұқыммен қамтамасыз ете алмауымен келісуге болмайды.

Бұл кемшіліктерді батыл жою керек. Зор резервтері бар біздің республикамыздың РСФСР-дің кейбір облыстарынан мемлекетке астықты көм беруі сияқты гөзгісіз жағдайды жоюын уақыт жетті. Біз мемлекетке астық тапсыру жөнінде Украинаға теңделуге тиіспіз.

Қазақстан астық өндіруде еліміздің алдығын қатарлы аудандарының бірі болуға тиіс. Осы сияқты, барлық суармалы жерлерді және жаңа жерлерді пайдалану есебінен мақтаны, қант қызылшасын және басқа да техникалық дақылдардың өндірісін ұлғайту қажет. Барлық жерде оwoц және картоп егісінің көлемін көбейтіп, бұл дақылдардың шығымдылығын халықтың owoц пен картоп жөніндегі қажетін толық қанағаттандыратындей етіп арттыру қажет. Алматы, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында бақша шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын кеңінен өркендету керек.

Біз СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығын өркендету жөнінде республиканың алдына қойған міндеттерін орындай аламыз және орындауға тиістіміз. Демек, бұл үшін бізде орасан зор резервтер бар. Ең алдымен, мал шаруашылығына көзқарасты өзгерту керек, өнімді мал басының осу жарқынының төмен болуы, сондай-ақ, оның өнімділігінің өте төмен болуы мал шаруашылығын өркендету ісіне ең алдымен Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі тарапынан басшылықтың қанағаттанғысыз болуының салдары.

Қазақстанның өнеркәсібінде де, мәдениет және идеология саласында да кемшіліктер аз емес. Қазақстан КП Орталық Комитеті пленумдарында ауыл шаруашылығы, әсіресе мал шаруашылығы мәселелері, сондай-ақ өнеркәсіп пен мәдениет мәселелері аз талқыланбайды. Бұл мәселелер Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюро мәжілістерінде және Министрлер Советінде оған да жиі талқыланады. Қа-

Пленумында Қазақстанның басшыларына айтылған қатаң сынның біздің облыстың партия ұйымына да толық қатысы бар,— деп мәлімдеді Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Ф. Ш. Қаржаубаев жолдас: —Облыс 1953 жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындамады. Мал шаруашылығын өркендетудегі елеулі кемшіліктер жойылған жок. Партиялық-саяси жұмыс көп реттерде формальді, облыстың алдында тұрған нақтылы міндеттерден бөлек алынып жүргізіледі.

Облыстық комитеттің бюросы әлі де болса өнеркәсіптің маңызды салаларының елеулі артта қалушылығын жою алмай отыр. Облыс кәсіпорындарындағы жаңа техника толық пайдаланылмайды. Көптеген кәсіпорындары жұмысты біркелкі жүргізбейді.

Облыстық комитеттің бюросы барлық партия, совет және шаруашылық ұйымдарының МТС-тер мен колхоздардың басшыларының назарын ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету мақсатына жете аудара алмады. Көзір бірқатар колхоздар мен аудандарда мал азығының жеткіліксіздігі байқалады.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрінің шабындық жерлерді жайыт суару үшін ирригациялық құрылыстар салуға байланысты мәселелерді баяу шешетінін айта келіп, шешен мал азығын дайындау және оны малға әзірлеп беруді ұйымдастыру жұмысын жақсартуға бағытталған бірнеше ұсыныстар енгізді.

Шығыс Қазақстан облыстық партия ұйымы, деді Қаржаубаев жолдас, ауыл шаруашылығының және өнеркәсіптің кейбір салаларының артта қалушылығын жою алады және партияның XIX съезі мен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларында қойылған міндеттерді орындау үшін барлық қажетті жұмыстарды жүзеге асырады.

Балқаш қалалық партия комитетінің секретары Д. А. Бурагов жолдас Балқаш партия ұйымының қала кәсіпорындарының жұмысын жақсарту жөнінде жүргізілген жұмыстары туралы айтып, Балқаш мыс қорыту зауытының артта қалу себебіне жеткілікті назар аударды. О-

гінің мал өсірушілердің балаларын оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде, мал шаруашылығын әйелдерді кеңінен қатыстыру жөнінде аз қамқорлық жасағанын айтты.

Батыс Қазақстан облыстық Совет атқамінінің председатели П. П. Волшно жолдас өзінің сөзінде облыстың колхоздары мен совхоздарында егіншілік пен мал шаруашылығының артта қалуын, мұнда ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету үшін зор резервтерді нашар пайдаланудан бөлек келгенін атап көрсетті. Облыстың партия, совет және шаруашылық орындары өздерінің жұмыстарын әлі де болса жаңа талапқа сөйкес қайта құра алмай отыр. Облыстық атқом ауыл шаруашылығына басшылық жасауда кеңсемілдік-тереңшілдік өдістен арылған жок, тұрмыстың маңызды мәселелерін оперативті шешпейді. Тың жерлерді игеру ісіне әзірліктің баяу жүргізілуін осымен түсіндіруге болады. Тракторларды жөндеу қанағаттанғысыз жүргізілуде. Тұқымды тазалау және шығымдылық сапалау жеткізу жұмыстары ұзаққа созылуда. Облыстық комитет және облыстық атқом механизация мектептері мен МТС-тердің жанындағы курстарға оқушылар жібертуді, механизатор кадрларын даярлау жөніндегі жоспардың орындалуын қамтамасыз ете алмады.

Батыс Қазақстан облысында мал шаруашылығын өркендетудің перспективалары туралы айта келіп, шешен «Базинпроектэлектро» институты мен республиканың Ауыл шаруашылығы министрінің сынады. Бұлар Министрлер Советіне ешкіммен келіспей, зерттеу-жоба жұмысының финанс жоспарын дұрыс тапсырмаған. Бұл жұмыстардың дұрыс жоспарланбауы қоғамдық мал шаруашылығы үшін тұрақты мал базасын жасауға бөгет жасауда. Су шаруашылығы мәселелерімен бір-біріне бағынбайтын республикалық төрт ұйым шұғылданады. Сөйтіп, іс жүзінде былай болып шығады: бұл мекемелердің басшылары жайылымдықтарды суару жөнінде практикалық жұмыстарды бірлесіп жүргізудің орнына, су шаруашылығы шаралары жоспарының орындануына кімнің кімнің өкпендігі жөнінде

вет Қарулы Күштері өз халқының еркін орындап, әрқашан бейбітшілік пен хауіпсіздіктің күзетінде келеді. Міне, сондықтан да совет халқы және барлық елдердің еңбекшілері Совет Қарулы Күштерін зор мақтанышпен бейбітшілік пен халықтар хауіпсіздігінің армиясы деп атайды.

Жұртқа мәлім, Совет Армиясы шетел басқыншыларына қарсы күресте туын өтті. Ол Ұлы Октябрдің жеңістерін қабылдап, совет халқының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Совет Армиясы өзінің алғашқы күндерінде-ақ америка-ағылшын империалистерінің қостауымен совет жеріне басып енген неміс армиясына 1918 жылы 23 февральда Нарва мен Псков түбінде күйрете соққы беріп, даңққа бөленді.

Мұнан кейін жас совет республикасына 14 шетелдік мемлекеттердің біріккен күші және ішкі контрреволюцияның күші тап берді. Социалистік революцияға, жас Совет Республикасына қарсы реакциялық күшті ұйымдастырушы, оған дем беруші америка-ағылшын империалистері болды. Коммунистік партияның басшылығы, совет халқының көмегі арқасында Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты азамат соғысы жылдарында шетел басқыншыларына соққы үстіне соққы беріп, оларды советтік Отанымыздың жерінен тазартты.

Азамат соғысы жылдарында өзінің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғап қалып, тарихи жеңіске ие болған Совет Мемлекеті бейбіт құрылыс жылдарында Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз-Флотын онан әрі нығайтты. Елімізді индустриализация ісінде қол жеткен табыстардың негізінде Совет Армиясы қуатты соғыс техникасымен қаруланды. Елімізде орта және жоғары дәрежелі оқу орындарының жыл сайын көбейіп Совет Армиясы қатарын жаңа кадрлармен толықтыруды қамтамасыз етті. Сөйтіп, Совет Армиясы бейбіт құрылыс жылдарында біздің еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігіне қол суққан қандай болсын агрессорға соққы бере алатындай алып күш болып өсті.

Коммунистік партия совет жауынгерлерін Советтік Отанға сүйіспеншілік, жауға өшпенділік рухта, интернационализм рухында, халықтардың праволарын құрметтеу рухында тәрбиелеп келеді.

Ұлы Отан соғысы Совет Мемлекетінің экономикалық және саяси негізіне, оның Қарулы Күштеріне үлкен сын болды. Өйткені, фашистік Германияны бүкіл дүние жүзіндегі реакцияшыл күш, ең алдымен америка империализмі қуаттады. Дүниежүзілік империалистер соғыс жүргізуде тәжірибесі бар, соғыс техникасымен барынша қаруланған гитлершіл Германияның армиясына совет елі төтеп бере алмайды деп ойлады. Сөйтіп, соғыс өрті тұтандырушылар сүйікті Отанымызды бөлсеке салуды ойлады. Бірақ, олар есебінен қатты жаңылды.

Коммунистік партия бүкіл совет халқы, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотын гитлершіл Германияның армия-

сына өз Отанының жерін фашистік басқыншылардан тазартып қана қойған жоқ. Ол сонымен қатар, азаттық армиясы ретінде, гитлершіл Германияның құлдығында болған Европа халықтарына көмекке барды. Совет Одағының Қарулы Күштерінің дүниежүзілік тарихи жеңісінің нәтижесінде Орталық және Оңтүстік Шығыс Европаның бірқатар елдері империализм системасынан бөлініп шықты, сойтіп, олар социалистік даму жолына түсті.

Фашистік Германияны жеңгеннен кейін Совет Армиясы империалистік Жапонияға қарсы күрес жүргізді. Совет Армиясы Жапонияның ең басты күші—Квантуан армиясына 11 күнде тізе бүктірді. Сөйтіп, ол Азияның адалиятты халықтарына туысқандық көмек көрсетті.

Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміз советтік мемлекет және қоғам құрылысының жеңісі, біздің Қарулы Күштеріміздің жеңісі болды. Бұл жеңіске совет халқы, оның Қарулы Күштері Коммунистік партияның басшылығы арқасында жетті.

Совет халқы соғыстан кейінгі жылдарда бейбіт еңбекпен шұғылдануда. Совет адамдары бесінші бесжылдықтың директиваларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру жолында, таяудағы екі-үш жылдың ішінде халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының молшылығын жасау, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін шұғыл жақсарту жолындағы күресте қажырлықпен еңбек етуде. Совет Одағының Қарулы Күштері еліміздің бейбіт өмірінің сақшысы болуда.

Совет Армиясының қазіргі құрметті міндеті совет халқының бейбіт жемісті еңбегін қырағылықпен сақтау, Совет Одағының мемлекеттік мүдделерін сенімді қамтамасыз ету және Отанымыздың шекарасын жау қол сұға алмайтын ету болып табылды. Бұл құрметті міндетін Совет Армиясы абыроймен орындауда. Ол өзінің 36 жылдық мерекесіне әскери және саяси даярлықтарын арттыруда жаңа табыстармен келіп отыр.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік Отанымызды, оның жауларының агрессиялық әрекеттерінен белсенді қорғау ісін мейлінше нығайта беруді өзінің аса маңызды міндеттерінің бірі деп есептейді. Партиямыз бен үкметіміздің бұл қажырлығы халық тілегіне сай келеді. Совет халқы өзінің Қарулы Күштерін нығайта беру үшін ешнәрсесін аямайды. Бүкіл совет халқы Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығын мейрамдай отырып, Совет Одағының Қарулы Күштерінің жауынгерлеріне әскери және саяси білімдерін жетілдіруде жаңа табыстарға жете беруді тілейді.

Біздің Отанымыздың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі күзетінде тұрған Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының даңқы арта берсін!

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бас таушы ұлы күші—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

дас. Республиканың партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық орындарының, колхоздары мен совхоздарының алдына, — делі о, — жауапты міндет —1954—1955 жылдары 6 миллион гектардан астам тың және тынайған жерлерді игеру міндеті қойылды. Біздің ауыл шаруашылығымыздың жоғары техникамен қарулануы оны ойдағыдай шешуге мүмкіншілік береді. Егіс көлемін тың және тынайған жерлердің есебінен ұлғайту ісіне партия ұйымдарының, ауылшаруашылық орындарының жауынгерлік міндеті ретінде қарау керек.

Тың және тынайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайтумен бірге, қазіргі бар алаңдарда ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттырудың маңызы өте зор. Алайда, дәнді дақылдардың, мақтаның, қант қызылшасының, сондай-ақ майлы және мал азығы дақылдарының шығымдылығын арттыру жөніндегі жоспар жылдан жылға орындалмай келеді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығының төзгісіз артта қалуын ең алдымен жер шаруашылығы мәдениетінің төмен болуымен түсіндіруге болады. Колхоздар мен совхоздар шөп егуді, дұрыс ауыспалы егіс жүйесін енгізуге тиіс. Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттырудың маңызды және шешуші шарты көктемде жер жыртуды жою, егінді дайындалған жерлерге егуге кешік, ауылшаруашылық жұмыстарын кезінде және саналы жүргізу, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды пайдалану, егіске кезінде күтім жасау,

рлар көп қабылданды. Алайда, Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасынан көрініп отырғандай халық шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығын өркендетудегі өзгеріс шамалы.

Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: халық шаруашылығының, мәдениеттің және ең алдымен ауыл шаруашылығының өркендеуінің дәрежесі төмен болуы Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен республиканың Министрлер Советінің шаруашылық және мәдени құрылысқа дұрыс басшылық жасамауының және қателіктер жіберуінің нәтижесі болып табылады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің тарапынан қажетті талаптық болмауы партиялық, мемлекеттік тәртіпті әлсіретті, партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің өздеріне тапсырылған, үлестірілген жұмысына жауапкершіліктерін төмендетті. Мұның бәрі халық шаруашылығының түрлі салаларында мемлекеттік жоспарлардың үнемі орындалмауына әкеліп соқты.

Съезд делегаттарының Министрлер Советін және мені сынауы, деді Тайбеков жолдас, өте дұрыс. Сондай-ақ мен министрліктер мен ведомстволардың жұмыстары жөнінде айтылған сынды да өте орынды деп есептеймін. СОКП Орталық Комитетінің Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советіне жасаған қатал, бірақ әділ сынынан республиканың партия ұйымы қажетті қорытынды шығарады, сентябрь Пленумының республика алдына қойған міндеттерін орындау күресіне өздерінің барлық мүмкіншіліктерін жұмылдырады.

—СОКП Орталық Комитеті сентябрь

жылғы оқу ірі кәсіпорнының соңғы үш жыл бойы жоспарды орындамауын білетұра Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының бұл істің жайымен терең шұғылдану үшін уақыт таппағанын атап көрсетті. Ал, шынында қосымша қуаттарды енгізуді, Жезқазған және басқаларының заводқа беретін рудасын көбейтуді және оның сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін бұл сыяқты мәселелерді шұғыл шешу қажет еді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің жаңа құрамы мыс қорыту заводының жұмысымен терең шұғылданып, оған қажетті көмек көрсетуге тиіс.

Қорытындысында шешен мыс қорытушылардың мәдени тілегіне назар аудармағаны үшін республиканың Министрлер Советінің атына сын пікірлер айтты.

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданының малдәрігерлік технигі Ш. Түсіпбекова жолдас Қорғалжын ауданы колхоздарының қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы күресі туралы айтты. Соңғы екі жылда ауданның алыстағы мал жайылымдарында орталық үлестірілген жұмыстарында орталық үлестірілген жұмыстары үшін мектептер, интернаттар және қызыл отаулар, медициналық пункттер, магазиндер бар. Үстіміздегі жылы тағы да екі орталық үлестірілген жұмыстары белгіленіп отыр. Бұларда медициналық пункт, бастауыш мектеп және колхозшылар үшін үйлер салынбақ.

Сонымен қатар, Түсіпбекова жолдас Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Ақмола облыстық партия комитетінің өкілдері арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімдері және республиканың оқу министрлі-

Қорытындысында Волошко жолдас съезді Батыс Қазақстан облысының партия ұйымы халық шаруашылығының барлық саласын, әсіресе, ең алдымен ауыл шаруашылығын ойдағыдай өркендету үшін барлық күшті жұмсайтындығына сендірді.

Съезде Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары П. Н. Пономаренко жолдас ұзақ сөз сөйледі.

Қазақстан КП VII съезі Қазақстан КП Орталық Комитетінің жұмысын, әсіресе, ауыл шаруашылығына басшылығын қанағаттанғысыз деп тапты. Съезд республиканың партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеген қарар қабылдады.

Қазақстан КП VII съезі Қазақстан КП Тексеру комиссиясының есебін бекітті.

Мұнан кейін Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелігіне және Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттықта сонымен қатар тексеру комиссиясының мүшелігіне кандидатуралар ұсынылып, талқыланды.

21 сағатта Қазақстан КП VII съезінің қорытынды мәжілісі болды. Есен комиссиясының председатели Ж. А. Ташенко жолдасқа сөз берді. Ол жасырын дауыс берудің нәтижелері туралы хабарлады. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері болып 103 адам, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттар болып 45 адам сайланды. Қазақстан КП Тексеру комиссиясының құрамына 17 адам сайланды.

Қазақстан КП VII съезі жабық деп жарияланды. Съездің делегаттары партиялық гимн—«Интернационалды» айтты.

Қазақстанның Коммунистік партиясының VII съезі сайлаған Қазақстан КП Орталық Комитетінің құрамы Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелері

Адаменко Г. А.	Береза В. Г.	Жанділдин Н.	Қарсыбаев Ш. К.	Наумов В. М.	Попадько А. Я.	Тәшенов Ж. А.
Аққұлов Р.	Бойнов Г. А.	Жақыпов С.	Керімбаев Д.	Недилько А. Т.	Поспелов Н. Н.	Тоқтамысов С.
Алдабергенов Н.	Бородин А. М.	Живулина Н. А.	Қонаев Д. А.	Неклюдов А. И.	Рахманюк Д. Д.	Третьяков К. П.
Артығалиев Ш.	Братышев И. Ф.	Жуков Л. Г.	Күзембаев Н. К.	Ниятин И. И.	Резчик П. Х.	Трейбаев Т.
Афонов И. И.	Брежнев Л. И.	Журин Н. И.	Қойшыбаев Т. К.	Новиков Н. Д.	Родиснов В. А.	Турчанинов М. В.
Байғалиев Х. Б.	Власенко М. Д.	Жүсіпов Ә.	Копишевский Е. И.	Оңғарбаев А.	Рудевский И. Л.	Хасенов М.
Баишев С.	Волщенко А. А.	Запорожцев И. Г.	Котиков А. Н.	Оңдасынов Н.	Сәрсенбаев Н.	Храмков И. П.
Бақауов Х.	Выходцев М. П.	Захаров Н. Д.	Қуанышев У.	Оспанов Қ.	Сембаев Ә. И.	Царев А. А.
Батурын И. С.	Губин В. В.	Зинин А. М.	Кулак В. С.	Оспанов Қ. Р.	Слаженев И. Г.	Шаяхметов Ж.
Башкатова А. А.	Данров М. Д.	Иванов А. М.	Ларин Ф. М.	Өтебаев С.	Сұлтанов К.	Шорабеков М. К.
Бейсебаев М. Б.	Дауылбаев А. Д.	Ильяшев Р.	Липиток А. И.	Павлов Д. Н.	Сужиков М. Ә.	Шпаков О. С.
Бейсембаев У.	Дмитриев М. А.	Иноземцев П. П.	Мартыненко Н. К.	Парий Д. М.	Тайбеков Е. Б.	Шушарин П. Т.
Бейсенова М. Б.	Елагин Н. В.	Қалкенов Ш.	Миронов А. С.	Плевако Г. И.	Тәжиев Ы. Т.	Шарипов И.
Бейсенов Ә.	Ескендіров З. Е.	Қаржаубаев Ф. Ш.	Мұхамедғалиев Ф. М.	Полымбетов С. П.	Тасбаев К.	Шарипов И.
Беляков А. Ф.	Жанбаев С.	Кәрібжанов Ф.	Набатов А. А.	Пономаренко П. К.		Яковлев С. Я.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттар

Әбдіразақов Т. Ә.	Бураев Д. А.	Ефимов П. П.	Камбаров Н.	Матвиенко Н. В.	Нұрбаев М. И.	Сорокин А. В.
Әжібеков К.	Бухаев Д.	Ефремкин М. А.	Курлов В. Н.	Мельник Г. А.	Пискунова А. Л.	Телешев У.
Антонов П. Т.	Волошко П. П.	Загорюлько Г. М.	Лавров Н. В.	Морозов А. К.	Пушкарский З. Я.	Федулин А. С.
Аталықов М.	Гонаженко О. К.	Қайсақанов А.	Ливенцов В. А.	Мұстафин Ғ.	Рахманов А. Ф.	Цыбенко М. И.
Берлин Д. И.	Долженко А. В.	Қайшыбаев Қ.	Логнинова Т. Д.	Наурызбаев А.	Соболев И. И.	Шаукенбаев Т. Ш.
Бекішева Б.	Досанов А.	Кәкенов И.	Мәмбетов А. И.	Нұрымбаева М. С.	Солопенко И. С.	Юсупов И.
Бойко Н. И.	Ермағамбетова Ш.	Қыстауов А. М.				

Қазақстан КП VII съезі сайлаған Тексеру комиссиясының құрамы

Әділов А. Ә.	Гераничев М. Н.	Ильясов Ғ. У.	Қыйсанов А.	Оганина Е. К.	Симаков К. М.	Тутаева Р. З.
Белешко В. В.	Деканов Н. М.	Исқақов К.	Лукиянец И. К.	Платонов П. Е.	Тілеулиев А.	Шмельков И. Е.
Бунаков З. А.	Забезанский Н. Х.	Қабжанов В. Қ.				

В. М. Молотовтың Москваға келуі

20 февральда ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов ССРО, Франция, Англия және АҚШ Сыртқы Істер

Министрлерінің Кеңесінен, Берлиннен Москваға келді. (СОТА).



БЕЙБІТШІЛІК КҮЗЕТІНДЕ!

Суретшілер Н. Терещенко мен Н. Акимускиннің плакаты. (Бейнелеу искусствосының мемлекеттік баспасы).

ССРО Халықтарының Бейбітшілігі мен Хауіпсіздігінің күзетінде

Совет халқы және дүние жүзінің барлық прогресшіл күштері тарихи датаны — Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығын атап өтуде. Совет Армиясы — тарихта жаңа дәуір ашқан Ұлы Октябрь Социалистік революциясының перзенті. Коммунистік партия құрып, шыңдаған ССРО Қарулы Күштері біздің халқымыздың ұлы революциялық жеңістерін халықаралық империализмнің барлық шабуылдарынан адал және сеніммен қорғауда.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты 1918 жылы соғыс интервенциясы мен азамат соғысының от-жалынында туды. Интервенттердің армиясына және ішкі контрреволюцияның күштеріне қарсы жүргізілген ұзақ және ауыр күресте Совет Армиясының жауынгерлік қуаты қалыптасып, шынықты, оның даңқты жауынгерлік дәстүрлері қалыптасты. Совет Армиясы — жаңа тұрпатты армия. Ол интернационализм рухында, басқа халықтар-

линград және Курск түбіндегі тарихи шайқастарда, Днепр үшін болған шайқаста, гитлерлік армияға 1944 жылы жасалған он соққыда Совет Армиясы гитлерлік соғыс машинасының қуатын күйретті, герман империализмінің басқыншылық жоспарларының күдік көкке ұшырды. 1945 жылғы 2 майда Совет Армиясы Берлиннің үстіне Жеңіс Туын тікті, ал сол жылдың августында империалистік Жапонияға қуатты соққы жасады.

Отан соғысының ұлы тарихи шайқастарында Совет Армиясы біздің Отанымыздың намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды және Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдыққа түсу қауіпінен сақтап, азат етуші армияның мәңгі өшпес даңқына бөленді.

Совет Армиясының жеңісі советтік қо-

ұлған соққы болды.

Сөйтіп, Совет Армиясының фашистік Германия мен империалистік Жапонияны жеңген тарихи жеңісі демократия мен социализм күштерінің өсуіне және көбеюіне жеткізді. Ал, капитализмнің күштері едәуір көп құлдырады. Дүние жүзілік империализмнің фашистік Германияның және империалистік Жапонияның қолымен Совет мемлекетін жоюға тырысуы халықаралық фашистік реакцияның негізгі күштерінің талқандалуына әкеліп соқты. Көзір империализм лагеріне 800 миллион адам халқы бар Совет Одағы бастаған қуатты бейбітшілік, демократиялық және социализм лагері қарсы тұр.

ССРО-дағы және халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыстың табыстары, Қытай Халық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасында жаңа өмірдің құрылуы халықаралық империализмнің Америка Құрама Штаттарының билеуші топтары бастаған лагерінде

Жауынгер сәлемі

Ұлы Отанды қорғаушы Совет Армиясының жауынгері болу — әрбір совет жасының абройлы міндеті. Міне, мен кезір сол абройлы міндетті атқарып жүрген совет жасымын.

Отан өзін қорғаушы жауынгерден әскери шеберлікті арттырып, саяси білім дәрежесін көтеруді талап етеді. Мен армия қатарына шақырылған алғашқы күннен бастап-ақ советтік озат соғыс техникасын үйрену ісіне белсене кірістім. Нәтижеде, мен аз уақыт ішінде оқу озаты жауынгерлердің қатарына жетістім. Сонымен бірге, өзіммен қатар армияға шақырылған Солтүстік қазақстандық жерлестерім де отличник жауынгерлер деген атаққа ие болуда.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын жедел өркендету туралы қаулысы біздің де Ұлы Отанға, Коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншілігімізді бұрығыдан да арттыра түсті. Біздің туған өлкеміз, Солтүстік Қазақстан үшін бұл қаулының ерекше маңызы бар. Сондықтан да біз азаматтық борышымызды атқарып, Совет Армиясының қатарынан оралғаннан кейін ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуге бел байладық. Менің жолдастарымның арнаулы мамандықтары бар. В. Фурсов — агроном, ал, Е. Ақпанбаев — механик.

Совет Армиясының 36 жылдық мерекесі күні мен жерлестеріме жалынды жауынгерлік сәлем жолдап, олардың Коммунистік партия мен Совет үкметі кезіргі кезеңде алға қойып отырған міндеттерді орындауда зор табыстарға жетулеріне тілектестік білдіремін.

Жауынгер Ж. АБДРАХМАНОВ,
Примория өлкесі.

Мереке күндерінде

Қала еңбекшілері Совет Армиясының 36 жылдық мерекесі күнін зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алуда. Қаланың кәсіпорындары мен мекемелерінде бұл күндері Совет Армиясы туралы арнаулы лекциялар оқылып, концерттер көрсетілуде.

Облыстық кітапхана коллективі Совет Армиясы күніне зор дайындықпен келді. Мұнда Совет Армиясының тарихи жеңістерін баяндайтын көрмелер, фотомонтаждар және арнаулы стенд ұйымдастырылған. Сол сияқты, Совет Армиясы туралы көркем және саяси әдебиет кітаптары жыйнақталған.

Бұрнағы күні қаладағы механикалық техникумның оқу залы техникум оқытушылары мен студенттерге лық толды. Мұнда олар «Совет Армиясының 36 жылдығы туралы» лекция тыңдау үшін жыйналған-ды. Лекцияны облыстық ғылыми және саяси білімдер тарату қоғамының толық мүшесі Солодков жолдап оқыды. Лекциядан кейін техникум көркемөнерпаздары күшімен концерт көрсетілді.

Совет Армиясы күніне арналған кеш-

В. М. Молотовтың Берлиннен шығуы

БЕРЛИН, 20 февраль. (СОТА). Бүгін таңертең ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Берлиннен Москваға шықты.

Шенефельд аэродромында В. М. Молотовты ГДР-дің Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман, ГДР-дің премьер-министрі Отто Гротеволь, премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт, премьер-министрдің орынбасары және сыртқы істер министрі Лотар Больц, премьер-министрдің орынбасарлары Генрих Рау, Отто Нушке, Ганс Лох, Пауль Шольц және ГДР үкметінің басқа мүшелері, сол сияқты қоғам ұйымдарының, демократияшыл партия-

лар мен газеттердің өкілдері шығарып салды.

Сол сияқты В. М. Молотовты ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары және ССРО-ның ГДР-дегі елшісі В. С. Семенов, елшілер Г. Н. Зарубин, С. А. Виноградов және төрт держава сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатынасқан совет делегациясының басқа кеңесшілері мен әксперттері шығарып салды.

Аэродром ГДР және ССРО-ның мемлекеттік туларымен безелді. Аэродромға халық полициясының құрметті қаруылы қойылды.

В. М. Молотов және премьер-министр Отто Гротеволь қысқаша сөздермен пікір алды.

В. М. Молотовтың 1954 жыл 20 февральда Берлиннен шығарда Шенефельд аэродромында сөйлеген сөзі

Көшқұрметті председатель жолдас! Қымбатты достар!

Берлиннен жүрерде Герман Демократиялық Республикасының үкметіне және барлық неміс достарыма қуанышты жылы шыраймен қарсы алғаны үшін және Берлин кеңесі жұмысында совет делегациясын қолдағаны үшін шын жүректен алғас айтуды өзімнің борышым деп есептеймін.

Германияны біріктіру жолында алда

тұрған бөгеттерді неміс халқының жеңетіндігіне сенім білдіруге рұқсат етіңіздер. Герман халқының барлық демократияшыл және бейбітшілік сүйгіш күштерінің негізгі міндеті — осында.

Бұл бейбітшілікті нығайтудың мүдделеріне сәйкес келеді.

Осы істе Совет Одағы герман халқына барлық мүмкін қолдаулардың барлығын көрсетеді.

Совет-герман достығы жасасын!

В. М. МОЛОТОВТЫҢ 1954 ЖЫЛЫ 20 ФЕВРАЛЬДА ШЕНЕФЕЛЬД АЭРОДРОМЫНАН ЖҮРЕР АЛДЫНДА ОТТО ГРОТЕВОЛЬДІҢ ЖАУАП СӨЗІ

БЕРЛИН, 20 февраль. (СОТА). АДН агенттігі мынаны хабарлады:

Берлиннің Шенефельд аэродромынан В. М. Молотовтың жүрер алдында премьер-министр Отто Гротеволь өзінің жауап сөзінде былай деді:

«Құрметті Молотов жолдас!

Барлық бейбітшілік сүйгіш адамдар үшін елеулі жұмыс істегендігіңіз үшін Сіздің Берлиннен жүрер кезіңізде барлық немістердің жүрегі Сізге деген алғысқа толы.

Төрт держава келіссөздерінің өткен апталары халықаралық мәселелер бойынша өзара ұғынысудың жолын іздестіруге және табуға өбден мүмкін екендігін көрсетті. Төрт державаның кеңесі неміс халқына ерекше елеулі сабақ. Бұл сабақ төрт держава өкілдерінің бірі бірімен келіссөздер жүргізе алғаны сияқты Германияның тұтастығын қалпына келтіру туралы өздерінің төл ісі неміс халқы да өзара шеше алатындығында болып отыр. Немістердің өзара ынтымақтастығын ұлғайтып, өзара ұғынысуларын тереңдете беру — біздің алдымызда тұрған үлкен және маңызды міндет болып табылады. Сол сияқты, біздің міндетіміз тысқақтар арасындағы қырғын соғысты ашуды, жаңа соғысты ашуды мақсат етіп отырған Бонн және Париж соғыс договорларына қарсы кү-

лық неміс халқын біріктіретін боламыз. Төрт держава кеңесіндегі Сіздің қызметіңіз бізге жаңа қуат, жаңа күш және осы күрес үшін жаңа үміт берді.

Біз демократияшыл Германияның бірлігі үшін, немістердің өзара ұғынысуы үшін, Европада және бүкіл дүние жүзінде халықтардың достығы үшін, бейбітшілікті сақтау үшін қажымай-талмай сөйлеген Сіздің сөздеріңізге шын жүректен алғыс айтамыз.

Төрт держава кеңесі күндерінде неміс халқы мен Совет Одағы халықтарының арасындағы достықтың идеясы бұрынғыдан да бекіп, күшейгендігіне біз Сізді сендіреміз.

«Совет-герман достығы жасасын!» деген Сіздің ұраныңызды біз шын ниетімізбен құттықтаймыз. Біз Сіздің Отаныңызға аман-есен баруыңызды тілейміз және Совет Одағының халықтарына Герман Демократиялық Республикасы азаматтарының өзінің ұлттық мақсаттары үшін және бейбітшілікті сақтау үшін күреске күш-қайраттарын толық беруге бағыланып жеткілікті екендігіне біздің сенімдімізді және сөлемімізді жеткізуді Сізден сұраймыз.

Совет Одағы халықтарымен достық жасасын!

Бейбітшілік үшін күрес жасасын!

ды құрметтеушілік рухында тәрбиеленген азат жұмысшылар мен шаруалардың армиясы, біздің еліміздің халықтарының достығының армиясы. Антантаның үш қорығының талқандалуы және жас Совет республикасын қарулы қолмен жанышпашы болған дүниежүзілік империализмнің барлық жоспарларының күйреуі бүкіл дүние жүзіне Совет Армиясының жеңімпаз күшін, оның жауынгерлері мен командирлерінің жоғары айбындылығын, олардың халық пен Коммунистік партияға берілгендігін көрсетті.

Партия басшылық жасап, ССРО халықтары қолдап отырған Совет Армиясы соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында дүниежүзілік империализмнің алғашқы қыспағына ойдағыдай төтеп берді. Бұл совет халқының бейбіт социалистік құрылыс жасау мүмкіншілігін қамтамасыз еткен орасан зор тарихи маңызы бар жеңіс болды.

Еңде социализмнің жеңісі нәтижесінде халықтардың моральдық-саяси бірлігі, достығы, советтік патриотизм сияқты біздің Отанымыздың күші мен қуаттылығының аса маңызды қайнар бұлағы болып табылатын біздің қоғамымызды өркендетудің қозғаушы күштері қалыптасып, нығайды.

Совет мемлекетінің қуаттылығымен бірге Совет Армиясының жауынгерлік күші өсіп, нығайды. Социалистік өнеркәсіп біздің армиямызды сол кездегі біздің дәрежелі соғыс техникасымен қаруландырды. Коммунистік партияның армия мен флотта саяси-тәрбие жұмыстарын кеңінен жүргізуі совет жауынгерінің моральдық-жауынгерлік сапасын нығайтуға көмектесті, озат советтік соғыс идеологиясын қалыптастырды.

Сөйтіп, Коммунистік партияның қамқорлығы арқасында Совет мемлекеті дүниежүзілік империализмнің егінші шабуылынан барлық жағынан бірдей—экономикалық, моральдық, соғыс жағынан белсенді қорғануға әзір болды.

Совет халқының гитлерлік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымыздың, біздің жауынгерлік қуатымыздың өмірлілігі мен күшіне елеулі сын болды. Американдық долларға құрылған гитлерлік соғыс машинасы 1941 жылғы 22 июньде біздің елімізге келетін, айуандықпен орасан зор күшпен соққы жасады. Гитлершілердің және оларға дем беруші американдық империалистерінің ойынша бұл соққы Совет мемлекетінің соғыс қуатын жүйретуге және біздің елімізді герман империализмінің отарына айналдыруға тиіс еді. Біздің озат социалистік құрылысымызды көре алмайтын империалистер совет халқына қудық және өлім әзірледі.

Дүниежүзілік империализмнің бұл азғын, адамды жеккөрушілік жоспарларын Совет Армиясы, соғыстың ұлы азат ету мақсаттарымен жігерленген оның жауынгерлерінің ерлігі мен қаһармандығы күйретті. Коммунистік партия, И. В. Сталин бастаған оның Орталық Комитеті, Совет Армиясы төрт жылға жуық мерзім бойына гитлерлік соғыс машинасына қарсы жекпе-жек күрес жүргізді. Москва, Ста-

лин және мемлекеттік құрылыстың жеңісі, социалистік экономиканың гитлерлік Германияның экономикасын жеңуі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы тұндырған, Совет Одағының озат қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, Коммунистік партияның басшы және бағыт сілтеуші ролі біздің халқымыздың және оның Қарулы Күштерінің күшті және хауіпті жауды жеңуін қамтамасыз етті. Советтік құрылыс бейбіт құрылыс жылдарында еліміздің экономикалық және мәдени дамуын ұйымдастырудың ең жақсы формасы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар, халықтың барлық күшін соғыс кезінде жауға тойтарыс беруге жұмылдырудың да жақсы формасы болды.

Коммунистік партия бастаған, қуатты соғыс техникасымен және озат советтік соғыс ғылымымен қаруланған Совет Армиясы Ұлы Отан соғысының шайқастарында бүкіл дүние жүзінің алдында өзінің жоғары моральдық-жауынгерлік сапасын және соғыс шеберлігін айқын көрсетті. Коммунистік партия өз халқына сүйіспеншілік және берілгендік рухында, өз Отанын қорғау үшін борыштылықтың және жеке жауапкершіліктің жоғарғы сесімі рухында тәрбиеленген жауынгерлеріміз бұрын-соңды болып көрмеген ерлік пен қаһармандықтың үлгілерін көрсетті. ССРО еңбекшілері, Александр Матросовтың, Юрий Смирновтың, капитан Гастеллоның бейнесін және ерліктері совет жауынгерлерінің жоғары моральдық артықшылығын, олардың өз борышын ақырына дейін орындауға даярлығын сыйпаттайтын Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының көптеген басқа да мәңгі өлмес батырларын өрқашан есте сақтайды.

Совет халқының және оның Қарулы Күштерінің Ұлы Отан соғысында жеңуінің дүниежүзілік-тарихи маңызы бар. Олар капитализмнің дүниежүзілік системасына жаңа соққы жасады, бұл системадан Европа мен Азияның бірқатар мемлекеттерінің шығып қалуына көмектесті. Осы жеңістердің нәтижесінде социалистік және капиталистік системалардың арасындағы күштердің ара қатынастары социализмнің пайдасына қарай күрт өзгерді.

Енді біздің Отанымыз жалғыз емес. Совет халқымен бірге, оның туысқандық көмегінің арқасында Болгарияның, Румынияның, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Албанияның халықтары социализм жолымен ойдағыдай алға басып келеді. Ұлы қытай халқы Совет Армиясының жапон милитаризмін талқандауы нәтижесінде империалистік езгіліктің бұғауынан құтылып, демократиялық негізде жаңа өмір құруда және Қытай Халық Республикасын құрды. Феодалдық реакция мен шетелдік империализмнің ғасырлық езгісінен құтылған ұлы қытай халқының жеңісі Азия халықтарының тарихында жаңа бет ашты.

Дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде империализмнің отар системасының дағдарысы күшейіп, отар және тәуелді елдерде қуатты ұлт-азаттық қозғалысы өрістеді.

Герман Демократиялық Республикасының құрылуы империализмге жасалған

құтырына көре алмаушылық тұтыуда. Американдық империалистері ССРО және халықтық демократия елдеріне қарсы жаңа дүниежүзілік соғыс әзірлеуде. Жаңа соғыс өрті тұтандырушылар жанталаса қарулануда. Олар агрессияшыл соғыс одақтары мен блокттерін құрып, басқа елдердің жерлерінде соғыс базаларымен жүйесін келдіруде, атом соғысымен қорқытуда. Американдық монополистік капитализм мейлінше көп пайда табуға жанталасып, АҚШ-тың өнеркәсібін милитарландыруда, еңбекшілерді қанауды және ұлттық жөбіртеушілікті күшейтуде, салық ауырталығын көбейтуде.

Совет Одағы бейбітшілік сүйгіш ішкі саясатты, бейбітшілік және халықтар арасындағы ынтымақтастық саясатын бағыттылықпен жүзеге асыруда. Совет халықтары барлық елдердің халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігі үшін қажымай күресуде, бейбітшілікті жақтаушылардың барлық прогресшіл адамзатты қамтыған қуатты қозғалысының авангардында келеді. Сонымен қатар, біздің халқымыз Совет мемлекетінің қуаттылығын үздіксіз арттыруда, кездейсоқ жағдайлардың қандайына болса да әзір тұру үшін оның Қарулы Күштерінің қуатын нығайтуда. Социалистік экономиканың үздіксіз өсуі, ССРО Қарулы Күштерінің нығайтылуы және оның материалдық-техникалық базасының жетілдірілуін қамтамасыз етуде.

Партияның XIX съезінің, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының, СОВН Орталық Комитеті септябрь Пленумының елдің экономикасы мен мәдениеті онан әрі өркендетуі, халықтың ал-ауқат дәрежесін жақсартуға түсу жөнінде қойған тарихи міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы біздің Отанымыздың қуаттылығын онан сайын нығайта түседі, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлік қуатын онан сайын арттырады.

Соғыстан кейінгі уақытта Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қамқорлығы арқасында Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының қарулануына көзгігі заманның соғыс ғылымы мен соғыс искусствосының барлық талаптарына жауап беретін бірінші дәрежелі техникасы беріліп келді және берілуде. Бұл техниканы барлық совет жауынгерлерінің ойдағыдай меңгеруі ССРО Қарулы Күштерінің жауынгерлік қуатын және жауынгерлік әзірлігін онан сайын жоғары көтереді.

Өзінің ұлы халқының еңбектегі табыстарымен жігерленген совет жауынгерлері өздерінің саяси, әскери білімдерін күн сайын көтеріп, жаңа техниканы меңгеруде, тәртіпті, ұйымшылдықты нығайтуда.

Совет халқы армия мен флоттың 36 жылдық мерекесін ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлікке байланысты тұрған жаңа саяси еңбек өрлеуі жағдайында қарсы алып отыр. Біздің еліміз Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге қарай ойдағыдай алға басуда. Өзінің борышын өрқашан да аброймен орындауға әзір Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты совет адамдарының бейбіт еңбегінің күзетінде, социалистік Отанымыздың мемлекеттік мүдделерінің күзетінде тұр.

ер мен ерлер қаладағы педагогикалық училищеде, «Пищевик», «1-май», Сталин атындағы кәсіпшілік артельдерінде де болып өтті.

Еңбекшілерге деген жаңа қамқорлық

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы өзінің Указы бойынша 1954 жылғы 1 январьдан бастап ССРО-ның бойдақ, жеке басты және семьясы аз азаматтарын қалалық жерлерде тұратын азаматтардың ауыл шаруашылығы кірісінен алынатын салықты төлеуден босатты. Сол сияқты, салық алынбайтын минимум бойынша салық салуға жатпайтын азаматтардың (алатын еңбек ақысы 260 сомнан аспайтын жұмысшылар мен қызметшілер, басқа да кірісі жылына 600 сомнан аспайтын азаматтар, түрлі кірісінің сомасы жылына 3000 сомнан аспайтын I және II группадағы мүгедектер) еңбек ақысынан және басқа да кірістерінен салық алынбайды.

Осы Указға байланысты жеке пайда табу көздері жоқ азаматтар, ерлері Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және хабар-шарсыз кеткен жесір әйелдер өздерінің қанша кіріс тапқанына қарамастан ССРО-ның бойдақ, жеке басты және семьясы аз азаматтарынан алынатын салықтан босатылады.

Салық жөніндегі бұл жеңілдіктер партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің мұқтажын өтеуге және халқымыздың ал-ауқат күйін көтере беруге деген қамқорлығының жаңа бір айқын сыпаттамасы болып табылады.

И. ПРЯДКО, Қалалық финанс бөлімінің меңгерушісі.

ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҚЫРАҒЫЛЫҒЫ

«Балуан» колхозының (Октябрь ауданы) жылқышысы Ыбрай Қалиев жолдас жуырда түнгі күзетке барып, жылқыларды аралап келе жатып бір жабағыны тартпақшы болып жүрген қасқырды көрді. Жылқышы аспай-саспай жабағыны шығынға ұшыратпай, қасқырдан аман алып қалудың айласын тапты. Ол жылқылардың тасасымен жасырынып келіп, қосауыз мылтықпен қасқырды атып өлтірді.

Колхоз басқармасы жылқышы Қалиев жолдасын бұл қырағылығы үшін оған алғыс айтты.

Н. ЖАҒЫПАРОВ.

ЭЛЕКТР МОТОРЫН САТЫП АЛДЫ

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоз жуырда қуаттылығы 230 ваттық электр моторын сатып алды. Таяу уақыттың ішінде электр моторы орнатылып, колхозда электр шамы жанығын болады.

Сонымен бірге, колхозға жаңа радио қабылдағыш сатып алынып, колхоздағы сайлау участогіне орнатылды. Колхозшылар күн сайын көшке сайлау участогіне жыйналып, радио арқылы елімізде болып жатқан жаңалық хабарларды тыңдайды.

ресуге барлық неміс халқын шақыру болып табылады. Бұл күресте біз бар-

БЕРЛИН КЕҢЕСІ ЖӨНІНДЕ ҮШ БАТЫС ДЕРЖАВА СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 20 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Берлин кеңесі аяқталғаннан кейін жарияланған үш батыс держава сыртқы істер министрлерінің мәлімдемесінің текстін берді.

ЖАПОНИЯНЫҢ ҚАЙТА ҚАРУЛАНУЫНА ҚАРСЫ ТОКИО ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ 30 МЫҢ АДАМ ҚАТЫНАСҚАН МИТИНГІСІ

ШАНХАЙ, 20 февраль. (СОТА). Газеттердің хабарына қарағанда, бүгін Токиода кәсіподақтардың Бас Советі ұйымдастырған митинг болған, оған 30 мыңнан адам қатынасқан. Митинг «хауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету программасы» деп аталатын сөйке американдық «көмегіне» қарсы ұранмен өткен. Митингте сөйлеген шешендер американдық монополияларының мүдделеріне мұнан әрі бағындыра беруге, Жапонияны

ТОВАР АЙЫРБАСЫ ТУРАЛЫ ЧЕХОСЛОВАКИЯ МЕН АВСТРИЯ АРАСЫНДА ПРОТОКОЛҒА ҚОЛ ҚОЮ

ПРАГА, 20 февраль. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 17 февральда Прагада Чехословакия мен Австрия арасында товар айырбасы туралы протоколға қол қойылған. Чехословакия Австрияға қатты минеральдық отыннан басқа ауылшаруашылық өндірісінің түрлі өнімдерін, машина жасау, тоқыма, керамика, шын және химия өнеркәсібінің өнімдерін, сол сияқты машиналар мен мотоциклдер береді. Австрия Чехословакияға жоғары сапалы болат, шойын, әртүрлі станоктар мен жабдықтар, шарикоподшипниктер, жасанды тыңайтқыштар, сода және көп қолданылатын бұйымдар береді.

Біздің Отанымыздың бірлігі үшін жүргізілетін күрес жасасын!»

Мәлімдемеді үш министр герман және австрия мәселелері бойынша Берлин кеңесінде өздері айтқан ұсыныстарды қайталауда.

АҚШ-тың агрессияшыл жоспарларына қиліктіруге әкелетіндігін атап көрсеткен. Митингке қатысушылар оқытушыларға саяси жұмыспен айналысуға тыйым салатын үкметтің реакцияшыл заң жобасына қарсы батыл наразылық білдірген.

Митингте Иосидоның кабинетін құлау үшін күресті күшейтуге шақырған қарар қабылданған. Митингтен кейін еңбекшілердің жаппай демонстрация болған.

ГОЛЛАНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ГААГА, 20 февраль. (СОТА). «Де Ваархейд» газеті 18 февральдағы номерінде 17 февральда премьер-министр Дрейс парламенттің бірінші палатасында Совет Одағы және халықтық демократия елдерімен сауда қатынастары кеңейтуге голланд үкметі «белсені көметесетін болады» деп мәлімдегендігі туралы парламенттегі өз тілшісінің хабарын жариялады. Премьер-министр бұл мәлімдемені, Москваға сауда миссияларын жіберіп жатқан батыс Европа елдерінен голланд үкметі қалып қоймауға тиіс деп айтқан Коммунистік партияның парламенттегі мүшесі Бранденбургтің сөзіне жауап ретінде айтқан.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА	«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ОРЫС БАЛЕТІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ»	«ҮЛКЕН ӨМІР»
Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-да басталады.	Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,10-да басталады.

Петропавл қаласы, Партизан көшесі, 55-үйде тұрушы Ахмеджан Зәкіржанұлы Әминов Петропавл қаласы, Маяковский көшесі, 59-үйде тұрушы Рәбиға Хамзақызы Әминовадан айрылатыны жөнінде арыз берді. Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы I-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Жаңа Ленин көшесі, 67-үйде тұрушы Прасковья Григорьевна Пургина Петропавл қаласы, Водопровод көшесі, 19-үйде тұрушы Алексей Степанович Пургиннен айрылатыны жөнінде арыз берді. Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.